

«БЫЛИНА» ОРЫС ТІЛІ ОРТАЛЫҒЫН АШТЫ



Таяуда Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде атаулы оқиға болып өтті: Орыс тілі, әдебиеті және мәдениеті орталығы ашылды. Осылайша, этномәдени бірлестік тілді танымал қылып, дамытуға, сондай-ақ, педагогикалық кадрларды дайындауға сүбелі үлес қосып отыр.

Орталықты құру идеясын көтеріп, оны жүзеге асырған – «Былина» этномәдени бірлестігінің жетекшісі Андрей Кораблев. Жоғары оқу орнының басшылығы бастамаға қолдау көрсетіп, көптілді оқыту факультетінің орыс тілі кафедрасы жанынан орын бөлді.

Орыс тілі, әдебиеті және мәдениеті орталығы орналасқан кабинет жабдықтармен, жиһазбен, әдістемелік және көркем әдебиетпен қамтылған, жарасымды безендірілген. 25 қарашада орталық салтанатты түрде ашылды.

Республикадағы ең алғашқылардың бірі болып саналатын орыс филологиясы кафедрасы,

Атырау мемлекеттік университеті сияқты, өзінің 70-жылдық мерейтойын атап өтуде. Атырау университетіне негіз болған Гурьев институты 1950 жылғы тамызда, облыстағы мектеп оқытушыларының жетіспеушілігіне байланысты құрылған болатын. Айта кетейік, бұл мәселе қазір де орын алып отыр.

– Орыс тілі орталығы – біздің университетке жасаған сыйымыз. Бұны аша отырып, тілдерді үйрену және мамандарды дайындау мәселесіне назар аудармақпыз. Өздеріңізге мәлім, соңғы жылдары мектептерде кадр жетіспеушілік мәселесі өткір түр. Бұл кабинет басқа да

бағыттарды дамытуда белгілі бір бағдар болар деп үміттенеміз. Мәселен, бұнда тек орыс тілі, әдебиеті және мәдениеті ғана емес, мемлекеттік тілді үйренуге де жағдай жасалған. Бұндағы жабдықтар іс-шараларды, соның ішінде халықаралық деңгейдегі шараларды онлайн-режимде өткізуге мүмкіндік береді. Жасалып отырған жағдай сапалы және жан-жақты оқытуға ықпал етеріне сенім мол, – деді А.Кораблев.

Facebook арқылы тікелей эфирде көрсетілген шараның ашылуында «Гурьевчанка» ансамблі өнер көрсетті. Бұл «Былина» этномәдени бірлестігінің жанындағы өзіндік келбеті бар шығармашылық ұжым. Бұдан соң дәстүрлі лентаны салтанатты қию рәсімі болып, бұл құрметке жоғары оқу орнының ректоры Саламат Идрисов және «Былина» арнайы шақырған құрметті қонақ – Ресейдің Орал қаласындағы Консулдығының вице-консулы Владимир Волков ие болды.

Оқу орнының ректоры «Былина» ЭМБ-мен ұзақ жылдар бойы жемісті қарым-қатынас орнағанын атап өтіп, демеушілік көмек көрсеткені үшін А.Кораблевке ризашылығын білдірді. Ашылған орталық жас мамандарды дайындауға, орыс мәдениетімен кеңірек танысуға, сондай-ақ, оқытушылардың, студенттердің, магистранттардың ғылыми зерттеулер жүргізуіне үлкен қолқабыс болмақ деп сенім білдірді.

– Біздің студенттеріміз бен оқытушыларымыз, достарымыз бен әріптестеріміз үшін ор-



талықтың есігі әрдайым ашық. Сондай-ақ, менің пікірімше, оның ашылуы қазақ және орыс халқының көпғасырлық достығын одан әрі нығайтуға ықпал етіп, екі мәдениет өзара араласып, бірін бірі байытатын орынға айналмақ, – деп атап өтті Саламат Идрисов.

Университет пен орыс филологиясы кафедрасының байырғы досы, Ресей Федерациясының вице-консулы Владимир Волков құттықтап, сөз сөйледі. Дипломат қызметкер осы жоғары оқу орнының мұғалімдерді дайындау, екі ел арасындағы ғылыми және мәдени байланыстарды дамытудағы көп жылғы еңбегін атап өтіп,

алғысын айтты, білім беру қызметінің барлық салаларында жаңа жеңістерге, жетістіктерге жетіп, әрдайым табысты болуды тіледі.

Күтпеген, бірақ жағымды жаңалық – Ресей Федерациясының қорғаныс министрі Сергей Шойгудың бұйрығымен Андрей Кораблев «Памяти героев Отечества» медалімен марапатталды.

Медаль әскери тарихты, гуманитарлық білімді дамыту саласындағы және тарихи – патриоттық бағыттағы маңызды қоғамдық жобаларды жүзеге асырудағы жоғары жетістіктер үшін табысталады. 2015 жылы бекітілген бұл ресми награда-

мен тек ресейліктер ғана емес, ерекше көзге түскен шет елдік азаматтар да марапатталады.

Жиналғандар қол шапалақтап қошеметтеп, вице-консул салтанатты түрде медальді Андрей Кораблевке табыстады.

Құттықтаймыз!

Шарада, сондай-ақ, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының, облыстық әкімдіктің өкілдері, университеттің оқытушылары сөз сөйледі. Шараның соңында орталыққа кітаптар сыйға тартылып, қатысушыларға дәм ұсынылды.

Таяу арада Орыс тілі орталығында алғашқы конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, пікірсайыстар, тақырыптық кештер мен тұсаукесерлер өткізіле бастайды деп күтілуде.

Айта кетейік, аталған шарада біздің басылымның ресми тұсаукесері болды, оның тұңғыш нөмірі 16 желтоқсанда жарық көрмек. «Былина» газеті айына екі рет, дүйсенбі күндері шығатынын еске саламыз. Құрметті оқырмандар, алдағы уақытта көптеген қызықты, тартымды жарияланымдарды сіздердің назарларыңызға ұсынатын боламыз.

Әрдайым біздермен бірге болыңыздар!

